



Автор: Жумабаева Зульвира Жанабаевна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Көркем әдебиет және эпикалық сарын
Тақырып: М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау
Сабақтың мақсаты:	Поэма мазмұнымен танысып, өзіндік пікір жазу.
Тілдік мақсаттар:	Эпилог, тәуіп, аракілдік, кәззап, байыз.
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none">Шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.Пікірін дәйектеме арқылы білдіреді.
Құндылықтарды дарыту:	"Мәңгілік ел" құндылығы: бейбітшілік пен келісім Мектеп құндылығы: оқушылар арасындағы қарым-қатынас арқылы ынтымақтастық және шығармашылықты қалыптастыру
Пәнаралық байланыс:	Тарих, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Махаббат және абырой

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау. 2. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Оқушыларды шеңбер бойымен тұрғызу. "Өрмекші торы" тәсілі арқылы жіпті бір-біріне лақтыру арқылы өткен сабақ бойынша қояды, жауап береді. 3. Үй тапсырмасын тексеру.	Оқулық, дәптер, қалам
Сабақтың ортасы (30 минут)	Білу және түсіну. Сұрақтарға жауап бер. 1. М.Мақатаев кім? 2. Қандай шығармаларын, өлеңдерін білесің? 3. Ақын қандай поэмалар жазған? 4. Ақын сөзіне жазылған қандай әндерді білесің? 5. Қандай әндерін жатқа білесіңдер? Қолдану. Жұптық жұмыс "Ашық хат" тәсілі арқылы жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу. 1-жұп. "Мұқағали поэмасы - таңғы шықтай мөлдір, сырлы, мұңлы поэзия" - дейді Ф. Оңғарсынова. 2-жұп. "Ойын сиқырлы сөзбен айта білу, тапқыр ойды өрнекті тілмен жеткізе білу - Мұқағали өлеңдерінің негізі құдіреті". 3-жұп. "...Тіршіліктің тәттілігі мен ақиқаттың ащылығынан мейірі қанғанша дәм татқан қауымның өскелеңдігі мен өміршеңдігі де осында. Мұқағали халқымен бірге мәңгі өмір сүреді". Дескриптор: - ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді; - пікірді мысалмен дәлелдейді; - қорытынды жасайды.	А4 парағы жазылған сұрақтар А4 парағына жазылған сөздер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	Кері байланыс Жағымды пікір: (Не ұнады?) Сындарлы сын: (Не нәрсені жақсарту керек?) Келешекке арналған пікір: (Маған ұнады, бірақ....)	Кері байланыс